



Қоғамды ізгілендіруді университет қабырғасында жүрген студенттер жетік меңгеруі керек. Жастар өмірді сүюді, жақсылық жасауды, адамгершілік қасиеттерді кеңінен меңгерсе, олар маман атанғанда қоғамды гүлдендіруге барынша үлес қосады. Осындай құндылықтарды алдыңғы орынға қойған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ректор Ғалым Мұтановтың бастамасымен «Айналанды нұрландыр!» жобасы қолға алынған. Осы жоба аясында 26 сәуірде ҚазҰУ-да «Айналанды нұрландыр!» атты студенттік фестиваль өтті.

«Айналанды нұрландыр!»



сушыларына арнайы сыйлықтар да ұсынылды. Бұдан өзге фестиваль барысында университеттің әр факультетінің студенттері Абайдың қара сөздерін, өлеңдерін бірнеше шет тілдерінде жатқа айтып, Гете, Лермонтов туындыларынан да орындады. Сонымен бірге халық өндерінен, әлемнің бірнеше тіліндегі классикалық және заманауи өндерден орындап фестиваль көркін келтірді. Көрермендерге «Айналанды нұрландыр!» тақырыбындағы өздерінің авторлық туындыларын ұсынды. Бұнымен қатар, жобаның «Нұрландыр» (www.nurlandy.kaznu.kz) атты негізгі сайтының тұсаукесері болды. Жаңа сайтпен ҚазҰУ Жастар ұйымдары комитетінің төрағасы Нұрлан Әбдіқадыров таныстырды.

Жастарға адамгершілік құндылықтарды, жақсылық пен ізгілікті насихаттауды мақсат еткен жоба екі жылдан бері университет ұжымы және студенттері арасында қызу қолдау тапқан. «Адамдар бір-бірімен мейірімді қарым-қатынаста болып, адамгершілік қасиетті басты орынға қойса, қоғам дамиды. Кез келген жан өмірге қандай із қалдырамын деген ойды есте берік ұстауы керек. Көреалмаушылық, қызғаншақтық бар жерде еш даму болмайды. Аяқтан

шалу, арызқойлық жақсы қасиеттер емес. Небір ізгі ниеттерді жастар бойына қалыптастыру арқылы өркениетке қол жеткіземіз. Өркениет арқылы, алған ілім-білімдерді жақсы іске жұмсау арқылы, тәрбиеге ден қою арқылы елді, ұлтты дамытамыз. Міне, «Айналанды нұрландыр!» жобасының негізгі діттегені де осы», – дейді фес-

тиваль ашылуында сөз алған ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов. Университет басшысы көрерменге қарата айтқан «қашанда жақсылық жасандар» деген сөзімен ойын қорытындылады.

Бүгінгі ұйымдастырылып отырған фестиваль аясында студенттер бойындағы ізгілікті байқауға болады. Осы негізде жобаның белсенді қаты-

Ізгілікке негізделген фестиваль ҚазҰУ студенттерінің әлемнің әртүрлі тілдерінде ұлы классиктердің шығармаларынан театрландырылған қойылымдар қойып, «Айналанды нұрландыр!» өлеңін шырқаумен тәмамдалды.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

«Әл-Фараби» олимпиадасының жеңімпаздары анықталды

26 сәуірде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың мәжіліс залында республика оқушылары арасында өткен «Әл-Фараби» пәндік олимпиадасының салтанатты жабылуы болды. Мұнда «Әл-Фараби» олимпиадасының жеңімпаздары сертификаттармен марапатталды. 3-орын иегерлеріне Алматы қаласы білім басқармасы ғылыми-методикалық кабинетінің жетекшісі Елена Тюкачева, 2-орын иегерлеріне «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы Алматы қалалық филиалының директоры Сара Құдабаева, ал 1-орын иегерлеріне ҚазҰУ проректоры Уәлихан Әбдібеков сертификаттар табыс етті. Жалпы 2013 жылы кезекті өткізіліп отырған «Әл-Фараби» олимпиадасының жеңімпазы 150-ді құрады.



Тіркелген оқушылар саны Қазақстанның барлық аудандары бойынша он мыңға жуық қатысушыны құрады. 2013 жылдың 6-8 ақпан аралығында «Әл-Фараби»

олимпиадасының 1-кезеңі өтті. Алматы және Астана қалалары бойынша және Қазақстанның барлық облыстарының 10-11 сынып оқушылары қатысты.

«Олимпиаданың 1-кезеңінде оң мыңнан артық оқушы қатысып, белгіленген деңгейден төрт мыңнан аса оқушы өтті. «Әл-Фараби-2013» олимпиадасының 2-кезеңі Қазақстанның барлық аудандары бойынша 2013 жылы 11-12 наурыз аралығында он-лайн түрде өтті, Астана қаласы бойынша 2013 жылы 23 ақпанда, Алматы қаласында 2013 жылы 24 ақпанда өтті. Олимпиаданың 2-кезеңінде Алматы және Астана қалалары, сонымен қатар еліміздің барлық облыстары бойынша екі мыңнан аса оқушы қатысып, он төрт пән бойынша 1, 2, 3-орындарды иеленгендер анықталды», – дейді профессор, ҚазҰУ-дың Оқу жұмысы жөніндегі проректоры Уәлихан Әбдібеков.

Марапаттау салтанатына құрметті қонақтар, өткен жылдың жеңімпаздары, атақты ғалымдар және университет оқытушылары, студенттік кеңес құрамы қатысты.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

БҮГІНГІ САНДА:

ТІЛДІ БІЛСЕҢ,
ЕЛДІ ТАНИСЫҢ



4-бет

БҮГІНГІ САНДА:

ЖАН ЖЫЛУЫ



7-бет

БҮГІНГІ САНДА:

СТУДЕНТТЕР
АҒАШ ОТЫРҒЫЗДЫ



8-бет

Жастарға аманат

«Білім екі түрлі болады, біріншісі адамның ділінде (қаныңда) болып келеді де, ол адамға пайдалы болып есептеледі. Екінші білім адамның тілінде болады. Ол Алла тағаланың адам баласына жіберген куәлігі болып есептеледі». «Атаны сыйлау – Алланы сыйлау» – өсиет кітабынан алынған сөздер.


ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында барша қазақстандықтарды «Мәңгілік Ел» болуға шақырып: «Алдыңғы толқын - аға буын! Сіздердің көрегендіктеріңіз бен өмірлік тәжірибелеріңіз кейінгі буынның ақиқат жолынан адаспай, алға басуына септігін тиігізеді», – дей келе, аға ұрпаққа ерекше сенім артқан еді.

Сенім үдесінен шыға білу ерге сын. Сондықтан, жақында ғана әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ақсақалдар кеңесі мүшелерінің мақалалары топтастырылған «Аманат» кітабының тұсауы кесілді. Жинаққа Отандық ғылымға дүбірлі дәуірде келіп, ғылымдағы айқын бағдарын таңдап, талапты жастан танымал ғалым дәрежесіне дейін көтерілген белгілі ғалымдардың өмірлік тәжірибесі, ой-толғамдары, болашақ жастарға деген ізгі тілектері топтастырылған.

Кітаптың кіріспе сөзінде университет ректоры Ғалым Мұтанов: «Бүгінгі жас ұрпақ қаншалықты жаңашыл болғанымен өткеннің мол тәжірибесі мен тағылымын есепке алмай жүргізілген істің еш нәтиже бермейтінін тарихтың өзі дәлелдеп отыр. Ақсақалдар кеңесінің мүшелері университет өмірінде ғана емес, отандық, сондай-ақ әлемдік ғылым мен білім саласында зор беделі бар, көргені мен түйгені мол, өмірдің небір қиын-қыстау кезеңдерінен өткен жандар ретінде танымал. Сондықтан бүгінгі таңда біздің университетіміздің дамуы мен жалпы қазақстандық ғылым мен білімнің, еліміздің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының мәселелерін шешуде олардың тәжірибесі аса қажет. Осы жи-

нақ әрбір студент үшін өмірлік мұрат пен құндылықтардың мәнін аша түсетін жақын серігіне айналатынына сенемін», – дейді.

Өз кәсібін, өмірлік арнасын адаспай, анық тапқан адамдардың ғұмыр шежіресі қашанда мағыналы. Сүйікті кәсібіне жан-тәнімен берілген, ғылымға адал жанның соңында қалған мол мұрасына өркімнің де ризашылықпен, қызыға қарары сөзсіз.



«Аманат» көргені мен түйгені мол, ең бастысы, келешек ұрпаққа айтар аманаты бар алдыңғы толқын - аға буынның өсиетін келешекке жеткізер көп томдық жинақтың алғашқы кітабы. Өмірге жолдама алған «Аманаттың» алғашқы томы халқымыздың рухани өлеміне қосылған құнды еңбек деп есептейміз.

Шынар Канафьева,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Тәрбие жұмысы жөніндегі
департаменті

29 сәуірдегі ректорат мәжілісінде дәстүр бойынша оқуда озат студенттерге арнайы шәкіртақылар мен университет басшылығына келген құттықтаулар ұсынылып, күн тәртібіндегі сұрақтар кеңінен талқыланды.

Білім беру саласын жақсарту жолдары ұсынылды

Университеттің негізгі оқу жоспарлары жөнінде оқу жұмысы жөніндегі проректор У. Әбдібековтің хабарламасы қаралып, онда мектеп бағдарламалары мен университетте оқытылатын бағдарламалар салыстырмалы түрде зерттеліп, қандай ұтымды жолдары барын ашып айтты. Проректор білім ордасында абитуриентке білім беру барысында келешек ұрпақты нағыз маман ретінде қалыптастыру керектігіне баса назар аударды.

Жастардың ізденістері терең болғаны қашанда нәтижелі болады. Осы тұрғыда физика-техникалық факультетіндегі студенттік бизнес-инкубатордың жұмысы жайында физика-техникалық факультетінің деканы А. Давлетовтің баяндамасы тыңдалды. «Бизнес-инкубаторда біз талантты жастарды қолдап, оларға идеяларын іске асыруларына көмек көрсетуге дайынбыз. ҚазҰУ-да студенттік бизнес-инкубатор жұмысына барлық жағдай жасалған. Ал, студенттердің ұсынатын жұмыстары факультеттегі инновациялық

кеңес құрамында байқаудан өтіп, таңдап алынады», – деді өз сөзінде факультет деканы.

Жас болса да бас болған студенттер, оқу арқылы жұмыс істеп, еңбекке қабілеттіліктерін арттырып, командалық құраммен жұмыс істеуді меңгеріп келеді. Студенттік бизнес-инкубаторда тек бір факультет емес, атсалысамын, қатысамын деген барлық факультет студенттеріне мүмкіндік бар. Мәжіліс барысында үздік танылған жоба жетекшілері яғни, студенттерге, магистранттар мен докторанттарға кітапшаларымен университет қабырғасында жұмыс істеу де болашақта қарастыралатыны айтылды. Қазіргі таңда оқу-ғылымды жетілдіру жолдары ерекше назарда. Соның бір дәлелі механика-математика факультетіндегі НР (Hewlett-Packard) оқу-ғылыми орталығының ашылуы болды. Механика-математика факультетінің деканы Д. Ахмед-Заки орталықтың жұмысымен мәжіліс мүшелерін таныстырды.

Еңлік АҚЖІГТ

Тарих, археология және этнология факультетінде «Музеолог» және «Даму» клубтарының мүшелері танымал этнолог, археолог, т.ғ.д. С. Е. Әжіғалимен кездесті. Серік Ескендірұлы ҚазҰУ түлегі, бүгінде ҚР БЖҒМ Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, этнология және антропология бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарады.

«МУЗЕОЛОГ» және «ДАМУ» клубтарында ҚазҰУ түлегімен кездесу

Этнолог-археолог С.Е. Әжіғали - гуманитарлық ғылымдар саласындағы әлемдік деңгейдегі ғалым. Ғалымның бастамасымен қазақ диаспорасы ареалында далалық зерттеулердің жүргізілуіне ерекше көңіл бөлінді. Мәселен, 2001-2010 жылдар аралығында Моңғолияда кешенді этноархеологиялық, 2010-2012 жылдары Қытайда (Синьцзянь) кешенді этнографиялық экспедициялар ұйымдастырды. Олардың барысында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Осы экспедициялардың нәтижесінде маңызды әрі жан-жақты этнографиялық құнды мәліметтер жинақталды.

Сонымен қатар Батыс Қазақстанда кешенді этноархеологиялық экспедициялар жылдар сайын ғылыми-зерттеулер жүргізеді. Өсіресе, ғалым С.Е. Әжіғалидың басқаруымен жүзеге асқан Әбілхайыр ханның бейітін анықтау мәселесінің орны бөлек.

Сонымен институттың этнологиялық бөлімі негізінде Қазақстанның этноархеологиялық мектебі дамыды. Оның маңызды бағыттарының бірі «қазақ этнографиялық ескерткіштану» саласы болып табылады.

Тәуелсіздік жылдары ғалым-этнографтар бірнеше маңызды ғылыми

еңбектерін жариялады.

Қазіргі этнология және антропология бөлімінің алғашқы жетекшісі шығыстанушы, этнограф Н. Сәбитов болды. ХХ ғасырдың 40-50-жылдары республиканың оңтүстік-шығыс өңірлерінде бірнеше экспедициялар ұйымдастырылды. Осы кезеңде Қазақстанның алғашқы кәсіби этнографтары дайындалды. Атап айтсақ, И.В. Захарова, Г.Н. Валиханов, В.В. Востров, Р.Д. Ходжаева, т.б.

1957-1976 жылдары осы бөлімді академик Ә.Х. Марғұлан, 1980-жылдардың аяғына дейін этнограф т.ғ.д. Х.А. Арғынбаев басқарды.

Ал 1989-1999 жылдары бөлімге Х.А. Кауанова, т.ғ.д. М.С. Муканов, т.ғ.д. О.И. Исмагулов басшылық жасады.

Белгілі этнограф, археолог ҚазҰУ-дың түлегі С.Е. Әжіғали кездесу барысында бакалавр, магистранттардың этнология, археология, ескерткіштану саласына байланысты қойылған сұрақтарға жауап беріп, кафедраға өз кітаптарын сыйлады.

Қарлығаш ЕРҒАЗЫ,
т.ғ.к. доцент,
«Музеолог» және «Даму»
клубтарының жетекшісі

Мұқағали - бірнеше тілде

Мұқағали Мақатаевтың өлеңдері студенттердің қолға алуымен алғаш рет ағылшын, кәріс, жапон, поляк, өзбек, түрік тілдеріне тәржімаланды. Tarzhiman клубының кезекті тәржіма кешінде шығыстану факультеті корейтану және жапонтану кафедрасының, сонымен қатар филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті аударма ісі мамандығының жас аудармашылары ақық ақынның «Таудағы нәсер», «Махаббат диалогы» және т.б. туындыларын бірнеше шет тілдеріне аударса, жапон, кәріс, қытай тілдеріндегі «Кагауихиме ханшайым», «Исонбуоши», «Тәтті ботқа» ертегілерін қазақ тілінде сөйлетті.

Магистрант-сыншылар бұл тәржімаларға түзетулер мен қосулар енгізіп, өз тараптарынан болашақ аудармашыларға бағыт-бағдар беріп, ұсыныстарын айтты. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің екі факультеті студенттерінің бірлескен шығармашылық жұмыстарына соңында аударма теориясы және әдіснамасы кафедрасының доценті Ләйлә Мұсалы және шығыстану факультетінің аға оқытушысы Гүлжан Оразбекова қолдау танытып, жетекшілік еткен.

Ж.Д. НУРАЛИНА,
«Аударма ісі» бөлімінің
3-курс студенті



КІТАП – ІЗГІЛІК ПЕН РУХАНИЛЫҚ АЙНАСЫ

Қай заманда болмасын, адамзат алдында тұрған ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы – салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Жас ұрпақтың өскелең талабын қанағаттандыруда, рухани байлығын, жалпы ой-өрісін дамытуда, жоғары эстетикалық талап-талғамын қалыптастыруда ең үлкен де ұлы тәрбие құралы – кітап. Кітапсыз тәлім-тәрбие мен ілім-білімнің орны бос қалатыны бесенеден белгілі. «Кітап – білім бұлағы, білім – өмір шырағы» деген дана сөз тегіннен-тегін айтылмаған.

ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан білім қоғамы жолында» атты интерактивті дәрісінде жастарға «Мен сендерді Интернет алмастыра алмайтын белсенді түрде жақты дамуға, спортпен, өнермен айналысуға, шет тілдерді үйренуге, отандық және әлемдік әдебиеттің терең мұраларын танып-білуге шақырамын» деген үндеу жолдады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде биыл екінші рет «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында Тәрбие жұмысы жөніндегі департаментінің ұйымдастыруымен жалпыуниверситеттік «100 кітап» апталығы өтті. Осы апталықта алдын ала жарияланған «Бір факультет – бір кітап» байқауының қорытындысы жасалды. Байқаудың мақсаты – отандық және әлемдік әдебиеттегі ең үздік деген

туындыны оқу және насихаттау, рухани мұрамызды сақтау сондай-ақ, жастарды отаншылдыққа әрі өнегелілікке тәрбиелеу. Байқау шарты бойынша әр факультет «100 кітап» тізімінен таңдалған бір кітапты бір мерзімде оқып шығуы, талқылауы және осы кітапқа арнап, түрлі іс-шараларды өткізуі тиіс болатын.

Байқауға барлық факультеттер ат салысты. Дегенмен, байқау қорытындысы бойынша іс-шараны өткізуге жауапкершілікпен қараған ең белсенді факультеттер анықталды. Олар: Бұқар жыраудың таңдамалы толғауларын таңдаған физика-техникалық факультеті, Мұқағали Мақатаевтың таңдамалы шығармаларын таңдаған заң факультеті және байқау аясында «Абай – қазақтың бас ақыны» апталығын өткізген халықаралық қатынастар факультеті.

Университет көлеміндегі шараны өз шеңберінде өткізген белсенді факультеттердің ұстаздарына, студенттеріне айтар алғысымыз шексіз. Бұл осы факультет ұжымының бірлесіп атқарған еңбектегі әдемі жемісі мен жеңісі деп білеміз.

Шынар КАНАФЬЕВА



Асыл мұрам – салтым

ҚазҰУ қалашығындағы №14 жатақханада халықаралық құқық кафедрасы жастарға қазақы салт-дәстүрлердің тәрбиелік мағынасын ұғындыру мақсатында халықаралық қатынастар факультеті сондай-ақ, шығыстану факультеті және шетелдік студенттер арасында мәдени шара өткізді. Мұнда Жәмила Ерпанованың салт-дәстүрлерден түсінік беретін баяндамасы тыңдалып, тал бесіктен жер бесікке дейінгі қамтитын жоралғылар түсіндірілді. Сонымен бірге баяндамашы қазақтың киелі сандары жайлы да сөз қозғап, олардың мағыналарын түсіндірді. Мәдени шара барысында сондай-ақ, аруларымыз «Ата толғау» күйіне билесе, 3 курс студенті Дина Мұсаева ән орындады. 3 курс студенті Назерке Калиева «Ерке сылқым» күйін

күмбірлетсе, лирикалық прозадан 3 курс студенті Айтас Бересов «Жамилия» үзіндісін оқып көрерменді толғандырды. «Асыл мұрам – дәстүрім» шарасына шетелдік студенттер де атсалысты. Қазақы салт-дәстүрге негізделген «Кім жүйрік?» сұрақ-жауап ойынында шетелдік студенттер де белсенділік танытты.

Кеш соңында шараны ұйымдастырушы халықаралық құқық кафедрасының оқытушысы Ләззат Нысанбекова сөз сөйлеп, салт-дәстүрді сақтап қалудың маңыздылығын айтып, шара белсенділерін марапаттады. Мәдени кеш барлық студенттердің «Қара Жорға» биін сомдауымен қорытындыланды.

Назерке КАЛИЕВА,
халықаралық құқық мамандығының
3-курс студенті

Сәуірдің 11 жұлдызында химия және химиялық технологиялар факультеті мен тарих, археология және этнология факультетінің бірлесіп ұйымдастыруымен «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында ҚазҰУ студенттерінің қазақ әдебиетінің классигіне айналған Қазақтың халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері – Қабдеш Жұмаділовпен «Тағдыр» атты сыр-сұқбат кездесуі өтті.

Қазақ әдебиетінің классигімен жүздесті

Ұлт тарихына, ел тағдырына арналған өзекті тақырыптарды қамтитын «Соңғы көш», «Дарабоз», «Мәңгілік майдан», «Тозақ оты», «Көкжал» сияқты туындыларды оқып танысқан жастар Қабдеш Жұмаділовтің шығармашылық өміріне қатты қызығушылығын танытты.

Дүкен сөрелерінен енді табылмай, сирек кездесетін кітапқа айналған «Тағдыр» романының табылған бір данасын қолдан-қолға тигізбей барлық студенттер екі айдың көлемінде түгелдей оқып шыққан болатын. Бұл романның қандай өзіндік сыры бар екенін олар сонда түсінді. XIX ғасырда екі алып империяның арасында бөліске түскен ел мен жер тағдыры студенттерді қатты толғанды.

Кездесудің шымылдығын химия және химиялық технологиялар факультетінің деканы Оңғарбаев Ердос Қалимоллаұлы ашып, бірден сөз кезегін кеш қонағына берді. Қабдеш Жұмаділов студенттерді өзінің өмірбаяны мен шығармашылығы туралы қысқаша таныстырды да қазақ әдебиеті мен әдеби үдеріске, қоғамның өзекті мәселелеріне тоқталып, өз көзқарасын білдірді.

Студенттер де кездесуге жақсы дайындалып келті. Олар жазушының «Тағдыр» романындағы оқиғаларынан және «Әріп пен Сара» деп аталатын

жаңа шыққан жинағындағы Біржан мен Сара айтысынан сахналық көрініс қойып, кездесудің мәні мен көркемдігін көтеріп тастады. Сонымен қатар әдебиеттегі алғашқы қадамын өлеңмен бастаған Қабдеш Жұмаділовтің маңдайалды туындылары оқылып, кездесуге келген қонақтардың барлығын бір толқытып тастады.

Кеш одан әрі Қабдеш Жұмаділовпен сыр-сұқбатқа ұласты. Студенттер көкейінде жүрген сауалдарын қойып, сол сауалдарға толық жауап алды.

Сахналық көріністі қойған және жақсы сұрақ тарға жауап күткен студенттерге жазушы өз қолтаңбасы қойылған кітаптарын сыйға берді.

«ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында өткен осындай кездесу кештерін ұйымдастыру студенттер үшін өте маңызды. Қазіргі кезде оқырман азайып, көрермен көбейіп кеткен кезде жастарымыз теледидар, компьютер алдынан ұзамайды. Сондықтан рухани дүниеге жастардың бетін бұру үшін осындай сыр-сұқбаттар қажет-ақ.

А.К. СЕЙДИЛДАЕВА,
Химия және химиялық
технологиялар
факультетінің эдвайзері

Эрзурумды танқалдырған қазақ қыздары

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Түркия республикасының Эрзурум қаласындағы Ататүрік университеті арасындағы академиялық алмасу бағдарламасы бойынша жақында шығыстану факультеті түркітану және үндітану кафедрасының бір топ студенттері білім алу мақсатымен түрік еліне аттанған еді.

Студенттеріміз тіл үйреніп қана қоймай түрік бауырларымызға қазақ халқының мәдениеті мен салт дәстүрін де таныстырды. Олар түрік елінде білім алып жатқан қырғыз, өзбек, түрікмен ағайындармен бірге наурыз мерекесін тойлады. Біздің студенттер: Сая Габбасова, Құралай Қайроллақызы, Құралай Тоқтасынова, Наргиз Тюменбаева, Айдана Бақбергенова және Асел Мұхаметжанова түрік бауырларымызға наурыз мерекесінде қазақтың ұлттық киімдерін киіп, салт-дәстүрімізді танытты. Мереке барысында қазақтың ұлттық тағамдарының бірі бауырсақ пен наурыз көже пісіріп таратылып, халық өндері мен күйлері, ұлттық ойындары көрсетілді.

Түрік бауырларымыз өз елінде ұмыт болып қайтадан жаңарып келе жатқан түркі халықтарының наурыз мерекесінің қазақ жерінде өте жоғары деңгейде тойланатындығына көздері жетіп, таң қалғандарын да жасырмады. Қазақ

халқының дархан көңілі, баға жетпес мәдени мұралары мен тарихын және салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын жақыннан танып-білді.

Ататүрік университетінің профессор-оқытушы құрамы мен студенттері біздің студенттердің өнеріне тәнті болып, өз алғыстарын білдірді. Түркия Республикасының ТРТ ұлттық каналы мен баспасөз беттері өнерлі де талантты студенттерімізді жарыса жазуда.

Ғасырлар бойы бір-бірінен жырақ қалған туыстас екі елдің арасына салынған алтын көпір екі елдің тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыпын жақыннан танытып, қазақ және түрік халықтарын одан әрі жақындастыра түсетіні сөзсіз. Туыстығымыз, достығымыз жарқын болсын!

Ш.М. САДУОВА,
түркітану және үндітану
кафедрасының аға оқытушысы

Шығыстану факультетінде араб тілі бойынша маманданып жатқан студенттер кезекті өткен дәстүрлі «Араб тілі және мәдениеті» апталығында өз мамандықтарына жетік екендіктерін дәлелдеді. Мәселен, 1, 2 курс студенттері арабша мақал-мәтел айтудан жарысса, 2, 3 курс студенттері араб ақындарының өлеңдерін жатқа айтты. Студенттердің сахналық қойылымы да, әуелеткен әндері де араб елі мәдениетінен сыр шертті.

Апталық

Ұлттық тағам мәзірін дайындауда да студенттер шеберлік танытты. Сонымен бірге, студенттер апталық барысында Египет мәдени орталығының дәстүрлі «Араб қолөнерінің көрмесі» экспонаттарын тамашалап, брейн-ринг сайысында араб тілі мен әдебиеті, тарих, мәдениет, дін жайында білімдерін ортаға салып, бақтарын сынады. Апталық шараларын шығыстану факультетінің деканы, профессор Б.Н. Жұбатова, арабтану орталығының директоры, профессор Г.Е. Надирова, Египет мәдени орталығының директоры, доктор Дервиш Ашраф, египеттік профессор Абд Әзиз әл-Хули, кафедра меңгерушісі А.К.Ахметбекова, оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Б. Жиекбаева және кафедра ұстаздары мен студенттері тамашалады. Осы ретте Гүлнар Надирова мұндай ұйымдастырулар

арқылы студенттер тек тілді ғана оқып қоймай, сол елдің мәдениетінен, тарихынан, әдебиетінен, салт-дәстүрінен кеңінен мағлұмат алатындығын тілге тиек етсе, Ашраф Дервиш «Қазақстан-Мысыр мәдени байланысы» тақырыбында дәріс оқыды.

Осы апталықтың аясында студенттер саясаттанушы, шығыстанушы-арабист Расул Жұмалыммен кездесті. Студенттер болашақ мамандықтары жөнінде өздерін толғандырып жүрген сұрақтарына жауап алды. Кездесу өте қызықты өтті. Кездесу соңынан «Араб тілі мен мәдениеті» апталығының нәтижелері қорытындыланды. Жеңімпаз студенттер марапатталды.

Ф.Т. ЖҰМАЖАНОВА,
арабтану және ирантану
кафедрасының
аға әдәйзері

Тіл білу – тұлға кілті

Студенттердің шетел тілдеріне деген (ағылшын, француз және неміс) қызығушылығын арттыру, ауыз екі сөйлеу қабілеттерін әрі қарай дамыту мақсатында жуырда филология, әдебиеттану және өлем тілдері факультетінде «Шетел тілдер апталығы» өтті. Апталық «Үш тілде білім алу – көп мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастырудың негізгі кілті» екендігін дәлелдегендей.

«Шетел филологиясы», «Шет тілі: екі шет тілі» «Аударма ісі» мамандықтарының 1 және 2-курс студенттері арасынан тест нәтижесінен үздік шыққан студенттер эссе жазды, содан соң тандалған тақырып төңірегінде тез арада сөйлем құрап шетел тілін жоғары деңгейде меңгергендіктерін аңғартты. Отандық қаламгерлердің туындылары және сөз еркіндігінен туындайтын мәселелер төңірегінде де ұтымды пікірталастырды. Апталық нәтижесінде «Шетел филологиясы» мамандығының 1-курс студенттері арасында алғашқы рет үш тілде жарыққа шыққалы отырған «студенттер тынысына» арналған «VAGITUS» журналының тұсаукесері болды. Жалпы апталықтың әр талаптарынан сүрінбей өткен 1-курс студенттері факультеттің «The Best Group» (Ең үздік топ) номинациясына ие болды.

Конкурс соңында номинантар мен жеңімпаздарға арналған салтанатты жиын өткізіліп, оларға куәліктер мен ынталандыру сыйлықтары табыс етілді. Апталықтың соңғы рәсімі ретінде «Бірге көмек көрсетейік» атты қайырымдылық жәрмөңкесі көкшетаулық «красная волчанка» дертіне шалдыққан Туранова Динараға қаржылай көмек көрсету үшін ұйымдастырылды. Шетел филологиясы және жалпы тіл білімі кафедрасының меңгерушісі Г.Б. Мәдиева «Көмек» еріктілер қозғалысының бастаушысы және оқытушы Н. Сапарходжаева мен шараға белсене қатысқан ұжым мүшелеріне және апталыққа қатысушыларға алғыс білдірді.

Т.Т. ДЖАРАСОВА,
М.А. ЖАҢАБЕКОВА,
шетел филологиясы және
жалпы тіл білімі кафедрасы

I-WEB MISSION в КазНУ

Кафедра энергоскологии совместно с Региональным экологическим центром Центральной Азии провели международный семинар-совещание проекта Темпус IV Евросоюза I-WEB «Интегрированное управление водоборотом: повышение способности, квалификации и влияния в образовании и бизнесе».

Проект Темпус направлен на разработку и внедрение совместной образовательной программы, которая нацелена на подготовку конкурентноспособных специалистов в области управления водными ресурсами с применением лучших практик.

Целью семинара является обсуждение экологических, социально-экономических и административных проблем водных ресурсов Казахстана и Центральной Азии, а также анализ существующей в этом регионе системы управления водными ресурсами.

В работе двухдневного семинара приняли участие UNESCO, World Bank, Миддлсекский университет (Великобритания), Университет Лейпцига (Германия), Политехнический университет Валенсии (Испания), Университет Кипра (Кипр), Международный Казахско-Турецкий университет им. Х.А. Яссауи, Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова, Казахско-Немецкий университет, Казахский научно-исследовательский институт водного хозяйства, Институт географии, Казахский исследовательский институт рыбного хозяйства, Институт повышения квалификации и переподготовки кадров.

Гульдана МИНЖАНОВА,
координатор проекта
Темпус от КазНУ,
доцент кафедры
«Энергоскология»



ТІЛДІ БІЛСЕҢ, ЕЛДІ ТАНИСЫҢ

Мемлекетіміздің тіл саясатына орай республикамызда қазақ тілі мен орыс тілін шетелдік азаматтарға үйрету мен насихаттауды дамыту мақсатында жуырда ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының ұйымдастыруымен «Ашық есік күні» өтті.

Арнайы келген қонақтар - Алматы қаласындағы ҚХР консульдігінің өкілі Гао Чен мырза, АИР консульдігінің өкілдері Акрами және Ахматұлла Восток мырзалар, Жапония консульдігінің мәдениет жөніндегі өкілі Масато Аоями студенттерге табыс тіледі.

Факультеттің түлектері: Буркина Фасодан келген Сита Кагонэ, АҚШ азаматтары Дэмьян және Лонг Грейс, ҚХР азаматы Джин Юй Ма үлкен өмір табалдырығын сеніммен аттап, өздерінің кәсіби табысты болуларына себепкер болған ұстаздарына жүрекжарды алғыстарын айтты.

Сонымен қатар Қытай, Оңтүстік Корея, Түркия, Ауғанстан, Америка елдерінен келіп тіл үйреніп жатқан студенттердің қазақ және орыс тілінде түрлі көріністер қойып, өн айтып, би билеуі және бразилиялық Леандро Феррейра мен жапониялық Марико Цунокакениң Абайдың «Көзімнің қарасы» өлеңін сыбызғымен орындауы тосынсыз болды.

Г.Ө. МҰСАЕВА

Форум юного корреспондента

Факультет журналистики КазНУ в пятый раз провел Форум юных корреспондентов, главная цель которого – выявить талантливых, творчески мыслящих школьников, будущих студентов-журналистов.

Для этого объявили, ставший уже традиционным, конкурс школьных сочинений «Хочешь быть журналистом?». В этом году его организаторы задали старшеклассникам такие темы для сочинений, как «Газета или интернет?», «Как наше слово отзовется?», «Мультимедийная журналистика», «Я хочу стать журналистом!».

Конкурс длился несколько месяцев, были присланы более шестидесяти работ из разных городов Казахстана. И провели форум, как обычно, в последних числах марта, когда выпускники школ находятся на каникулах и могут хорошенько обдумать, в какой вуз им поступать. При отборе победителей конкурса жюри обращало внимание на литературное изложение, собственное видение, а также на выразительность и простоту текста. Также конкурентоспособными считались те сочинения, в которых наблюдались нестандартные суждения и оригинальность мышления учеников.

По итогам Форума победители, а их более 15 учащихся, получили дипломы и подарки. Для участников были организованы викторина, экскурсии по факультету журналистики, посещение радиостудии, просмотр сценок театрального клуба «Эйдос», видеороликов, снятых на телестудии. Также будущие студенты, а пока абитуриенты, встретились с преподавателями и студентами, задали интересующие их вопросы о профессии журналиста и вступительных экзаменах на факультет.

Лучшие работы призеров будут опубликованы в республиканских газетах «Дружные ребята» и «Улан», которые выступили соорганизаторами конкурса.

Лариса НОДА,
организатор Форума юных
корреспондентов

15 мамырда ҚазҰУ-да «БҰҰ мен Қазақстан Республикасы арасындағы өріптестік тәжірибесі» атты халықаралық конференция өтеді

Әр халықтың тарихи бастауына шартты түрде нақты жазба деректер негізінде анықталған тарихи оқиға алынады. Яғни сол оқиға нақты бір ел тарихының қаншалықты тереңде жатқанын көрсетеді. Әр халықтың тарихи санасы мен мәдени құндылықтары өжелден тамырланған тарихтың тереңдігімен өлшенеді. Әрбір халық өкілі өз тарихындағы оқиғалардың неғұрлым ертеректе болғандығына қарап, іргелі тарихымен мақтанары сөзсіз. Осы жағынан алып қарағанда жазба тарихқа енген еліміз аумағындағы ең алғашқы тарихи оқиғаға қайсысын жатқызамыз?

ЕЛ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕҢ АЛҒАШҚЫ ТАРИХИ ОҚИҒА

Бүгінге дейін Орталық Азия мен Қазақстан тарихындағы ең алғашқы нақты анықталған тарихи оқиғаға және оның болған датасына – сақ тайпаларының атақты әйел патшасы Томирис ханының (б.ж.с.д. 570-520) Ирандағы Ахемен әулетінің негізін қалаушы, заманында «төрт құбыланың тұтас билеушісі» атанған, сақтарға өзінің соңғы басқыншылық жорығын жасаған парсының әйгілі патшасы Кирді шамамен б.ж.с.д. 530-529 жылдары ашық шайқаста тас-талқан етіп жеңген уақытын жатқызып келдік. Әрине, бұл оқиға – әлем тарихында өзіндік орны бар және ең маңызды оқиғалардың бірі. Сондай-ақ, бүкіл түркі жұртының беделін көтеретін, мақтан ететін оқиғасы.

Алайда антика дәуіріндегі жазба дерек мәліметтеріне терең үңілсек, еліміздің аумағында Томирис ханша мен Кир патшаның соғысынан екі ғасырдай бұрын болған ірі тарихи оқиғаны көреміз. Ол – біздің жыл санауымызға дейінгі 700 жылдар шамасында массагеттердің скифтерді қазіргі Қазақстан аумағынан ығыстырып шығаруы. Массагеттер – Каспий мен Арал теңіздері аралығын мекендеген тайпалар тобының ортақ атауы. Аталған оқиға туралы мәліметтер антикалық авторлардың бірі, б.ж.с.д. 484-425 жылдары өмір сүрген, өз заманының тарихшысы, қазірде бүкіл әлемге «тарихтың атасы» атанған Геродоттың «Тарих» атты еңбегінде кездеседі. Б.ж.с.д. V ғасырда Қара теңіздің солтүстік жағын мекендеген скифтер туралы Геродот былай деп жазады: «Көшпелі скиф тайпалары бұрын Азияны мекендеген. Әскери күшімен массагеттер оларды қуып шыққанда скифтер Аракстан (Әмудария) өтіп, Киммерия жеріне келген. Қазір скифтер мекендейтін ел көне заманнан киммериялықтардың иелігінде болған».

Бұл жердегі киммериялықтар деп отырғанымыз – б.ж.с.д. VIII-VII ғасырларда Қара теңіздің солтүстік-батыс жағалауын қоныстанған тайпа атауы. Ассириялық жазба дерек мәліметтерінде «гимирру» деген атаумен кездеседі, яғни «жағалау тұрғындары» деген мағына береді.

Скифтердің келе жатқанынан хабардар болған киммериліктер оларға қарсы не істеу жөнінде ақылдасады да, ортақ шешімге келе

алмайды. Ақыры олар екіге жарылып, ел билеуші топтың бір бөлігі скифтермен соғысуды, ал екінші бөлігі басқа елге қашуды қолдайды. Сөйтіп, екі топ арасындағы келіспеушілік өзара соғысқа алып келеді де, скифтер келмей жатып, Киммерия мемлекеті құлайды. Бұл мәлімет ассириялық деректерде б.ж.с.д. 714 жыл деп көрсетіледі. Осыған қарап біз скифтердің Киммерия жеріне келуін осы жыл деп аламыз, ал массагеттердің скифтерді Каспий мен Арал теңіздері аралығынан ығыстырып шығаруын шамамен б.ж.с.д. 720-жылдары болған деп есептейміз. Міне, осы оқиға мен оның датасы – Қазақстан мен Орталық Азия аумағында болған алғашқы ірі тарихи оқиға болып саналады.

Бұл оқиғаның қандай маңызы бар? Біріншіден, бұл оқиға – ғұндардың Ұлы қоныс аударуынан да мың жыл бұрын тайпалардың батысқа қоныс аудару үрдісі болғанын көрсетеді. Осы кезеңнен бастап скиф тайпалары Қара теңіздің солтүстік жағалауын мекендеген. Бұл тайпалық бірлестік III ғасырдың 2-жартысына дейін өмір сүрді. III ғасырда скифтер өз билігінен біржола айырылды. Халықтардың ұлы қоныс аударуы кезінде олар басқа тайпаларға сіңісіп, жеке этникалық ерекшеліктерін жойды.

Екіншіден, Қазақстан тарихында қазақ жеріндегі алғашқы тайпалық бірлестік сақтар болғаны қарастырылады, ал деректерге сүйенсек, скиф тайпаларының қазақ жерінде сақтардан бұрын-ақ мекен еткеніне көз жеткіземіз.

Үшіншіден, қазіргі жыл санауымыз бойынша есептесек, қазақ халқының жазба деректерге негізделген 3000 жылға жуық тарихының болғанына анық көзімізді жеткіземіз.

